«ДӘРІЛЕР ТЕХНОЛОГИЯСЫ» КАФЕДРАСЫ

«ИННОВАЦИЯЛЫҚ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ» ПӘННІҢ ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ (СИЛЛАБУС)

Білім беру бағдарламасының атауы мен шифры «6В10106 - Фармация»

1.	**Пән туралы жалпы мағлұмат**		
1.1	**Пән коды:** IFT 5303	1.6	**Оқу жылы:** 2024-2025
1.2	**Пәннің атауы:** Инновациялық фармацевтикалық технология	1.7	**Курс:** 5
1.3	**Реквизитке дейінгі:** дәрілік түрлер технологиясы, экстракциялық препараттар технологиясы, дәрілердің өндірістік технологиясы-2	1.8	**Семестр:** 10
1.4	**Реквизиттен кейінгі:** кәсіби қызмет, ЖОО кейінгі білім алу	1.9	**Кредиттер саны (ECTS):** 5 кредит
1.5	**Цикл:** Базалық пәндер (БП)	1.10	**Компонент:** Таңдау компоненті (ТК)
2.	**Пәннің мазмұны**		
Терминдер мен негізгі түсініктер. Әсер ету механизмы. Гомеопатияның негізгі срежелері мен принциптері, оларды негіздеу. Негізгі гомеопатиялық дәрілік препараттар, олардың технологиясының ерекшеліктері. Гомеопатиялық дәрілік құралдарды потенцирлеу негіздері. Ветеринарлық дәрілік түрлер. Жасына байланысты дәрілік түрлер. Емдік-профилактикалық косметикалық құралдар. Гигиеналық құралдар. Биологиялық белсенді қоспалар. Технологиясының ерекшеліктері. Оқу бағдарламасына: босап шығудың модификацияланған профилі бар дәрілік түрлер, Тиісті тәжірибелік стандарттардың негізгі ережелері енгізілген.			
3.	**Жиынтық бағалау түрі**		
3.1	Тестілеу ✓	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	**Пәннің мақсаттары**		
Фармацевтикалық өндіріс технологиясының жаңа жетістіктерін ескере отырып, тиімді және қауіпсіз дәрілік препараттардың сапасын бақылауды, сақтауды және босатуды, жаңа дәрілік заттарды жасаудың және қолда бар дәрілік заттарды жетілдірудің теориялық және эксперименттік негіздеу.			
5.	**Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)**		
ОН1.	Тиімді және қауіпсіз дәрілік препараттарды өндіру, сапасын бақылау, сақтау және босату саласындағы фармацевтика ғылымының жаңа жетістіктерін ескере отырып, жаңа дәрілік құралдарды жасау және жетілдіру білімін көрсетеді.		
ОН2.	Дәрілік құралдардың жекелеген тобы – гомеопатиялық, балаларға арналған, гериатриялық, ветеринарлық және босап шығу профилі модификацияланған дәрілік түрлерді дайындау бойынша өндірістік процесті ұйымдастырады.		
ОН3.	Жазбаша жұмыстарды (реферат, эссе, тест тапсырмалары және т.б.) орындау кезінде, сабақтар мен емтихандарда, зерттеулерде, өз позициясын білдіруде, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынаста білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен принциптердің жиынтығын біледі және түсінеді.		
ОН4.	Кәсіби қызмет саласында анықтамалық және ғылыми фармацевтикалық әдебиеттермен, электрондық деректер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс		

	істеу қабілетін көрсетеді.	
ОН5.	Қысқа, құрылымдалған мәтін арқылы өз ойын негіздейді, стилистикалық сауатты сөйлем құрастырады, әдеби дереккөздерді дұрыс көрсетеді.	
ОН6.	Білім алушыларға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға дәрілік құралдар өндірісінде инновациялық технологияларды жасау және ендіру бойынша білімін жеткізуге қабілетті.	
ОН7.	Ақпаратты іздеуде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады, фармацевтика ғылымдары саласында алынған деректерді жүйелейді және оларды практикалық қызметке бейімдейді.	
5.1	**Пәннің ОН**	**Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері**
	1 ОН	**1 ОН.** Денсаулық сақтау саласындағы қолданыстағы ҚР заңнамаларына және тиісті фармацевтикалық іс-тәжірибелеріне (GxP) сәйкес фармацевтика саласының дамуының қазіргі заманғы үрдісі туралы кәсіби білімін және түсінігін көрсете алады
	2 ОН	**6 ОН.** Дәріхана және өндіріс жағдайында дәрілік заттарды дайындауда технологиялық үдерісті ұйымдастырады
	3 ОН 4 ОН 5 ОН	**10 ОН.** Кәсіби қызметінің барлық саласында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуге қабілетті
	6 ОН	**11 ОН.** Кәсіби және жеке тұлға ретінде дамуы және кәсіби міндеттерді тиімді атқару үшін қажетті ақпараттарды пайдалана біледі
	7 ОН	**8 ОН** Инженерлік жүйелердің жағдайына, зертханалық және қосымша қондырғыларына мониторинг жүргізе алады

6. Пән туралы толық ақпарат

6.1 **Өткізу орны (ғимарат, аудитория):** Сабақтар кафедраның арнайы зертханалық құрал-жабдықтармен және қондырғылармен, сонымен қатар құралды-компьютерлік жүйелермен жабдықталған аудиторияларда жүргізіледі.

Кафедраның мекен жайы: Шымкент қ., Аль-Фараби даңғылы 1, ОҚМА, 1- оқу корпусы, 3-қабат (304, 306 ауд.), телефон: 8-7252 (395757), ішкі 1037, дәрілер технологиясы кафедрасы, сайт: https://skma.edu.kz/ru/pages/kafedra-tehnologii-lekarstv

6.2

Сағаттарының саны: 150	Дәріс	Тәжір.сабақ	Зерт.сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
	10	-	40	85	15

7. Оқытушылар туралы мәліметтер

№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электронды адресі
1.	Сағындықова Б.А.	каф.меңг., фарм.ғ.д., проф.	sagindik.ba @mail.ru
2.	Анарбаева Р.М.	фарм.ғ.к., проф.л.а.	rabiga.rm @mail.ru
3.	Асылова Н.А.	мед.ғ. магистрі, аға оқыт.	asilova.na @mail.ru
4.	Нурбаева С.Е.	аға оқыт.	sveta_sagi@mail.ru

8. Тақырыптық жоспар

Апта/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пән-нің ОН	Сағат саны	Оқыту тех-нология-сының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	**Дәріс.** Тақырыбы: Фармацевтикалық гомеопатияның негізгі	Гомеопатиялық емдеу әдістерінің даму тарихы. Заманауи медицинадағы гомеопатияның орны және гомеопатияның	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама

	ұстанымдары мен принциптері. Гомеопатиялық дәрілік препараттарды дайындауда қолданылатын шикізаттардың номенклатурасы және сипаттамасы.	даму перспективасы. Гомеопатиялық дәрілік препараттардың өндірісін нормалау. Гомеопатиялық дәрілік түрлердің жіктелуі, сипаттамасы және сапасын бағалау. Гомеопатиялық дәрілік препараттарды дайындауда қолданылатын шикізаттардың номенклатурасы және сипаттамасы (өсімдік, жануар және минерал тектес).				
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Гомеопатиялық препараттарды дайындау. Гомеопатиялық эссенциялар және жаңа жиналған өсімдіктер сөлдері. Гомеопатиялық тинктуралар.	Өсімдік шикізатынан дайындалатын гомеопатиялық дәрілік препараттар номенклатурасы. Гомеопатиялық эссенциялар дайындау ережелері мен әдістері. Өсімдіктер құрамындағы сөлді анықтау. Экстракциялау процесінің сипаттамасы. Эссенциялардан, құрғақ өсімдік және жануар тектес шикізатынан гомеопатиялық тинктураларды дайындау ережелері мен әдістері.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Гомеопатиялық препараттардың құрамын, дайындау жағдайларын және сапасын нормалау.	Гомеопатиялық дәріханалар. Дәріханалардың мақсаты, міндеті және қызметі. Гомеопатиялық дәріханалардың құрал-жабдықтары. Гомеопатиялық дәріханалар жүйесін (бөлімдерін) нормалау. Гомеопатиялық препараттар дайындауға рұқсатнама. Гомеопатиялық жазылымдар құрамын нормалау. Гомеопатиялық препараттарға рецепт	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/4	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Реферат, презентация, тестік тап-сырмалар дайындау

		жазу. Гомеопатиялық фармакопея. Құрылымы.				
2	**Дәріс.** Тақырыбы: Негізгі (базистік) гомеопатиялық препараттар. Қатты, сұйық және жұмсақ гомеопатиялық дәрілік түрлер технологиясы.	Негізгі (базистік) гомеопатиялық препараттар: эссенциялар, тинктуралар, ерітінділер, ысқылаулар. Қатты гомеопатиялық дәрілік түрлер: тритурациялар, түйіршіктер, таблеткалар. Сұйық дәрілік түрлер: спирттер, майлар және оподельдоктар. Жұмсақ дәрілік түрлер: жағар майлар, суппозиторийлер. Қатты, жұмсақ, және сұйық гомеопатиялық дәрілік түрлер технологиясының ерекшеліктері.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Минералды заттар және химиялық қосылыстардан гомеопатиялық құралдар технологиясы.	Минералды заттар және химиялық қосылыстардан сулы және спиртті ерітінділер дайындау ережелері.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Минералды гомеопатиялық дәрілік құралдар.	Сілтілік және сілтілік-жер металлдар топтарынан гомеопатиялық дәрілік құралдар. Менделеев таблицасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші және сегізінші топтар элементтерінен дәрілік құралдар дайындау.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
3	**Зертханалық сабақ.** Тақырыбы: Қатты гомеопатиялық дәрілік түрлерді дайындау технологиясы. Ұнтақтық ысқылаулар (тритурациялар). Гомеопатиялық түйіршіктер	Эссенциялар, тинктуралар, құрғақ және сұйық заттармен ұнтақтық ысқылаулар (тритурациялар) технологиясының ерекшеліктері. Түйіршіктер дайындау технологиясы. Гомеопатиялық түйіршіктерге қойылатын талаптар. Гомеопатиялық	2 ОН 3 ОН	2	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау

		түйіршіктерді қанықтыру және кептіру.				
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Гомеопатиялық таблеткалар технологиясы.	Таблеткалардың жіктелуі. Гомеопатиялық таблеткалар технологиясы. Технологиясының ерекшеліктері. Таблеткалар алу процесінің сатылары.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
4	**Дәріс.** Тақырыбы: Гомеопатиялық дәрілік құралдардың әсер ету механизмінің теориялық негіздері. Гомеопатиялық дәрілік құралдарды потенцирлеу негізі.	Гомеопатиялық препараттардың әсер ету механизмі туралы қазіргі ұсыныстар. Су – ақпараттық жадыны тасымалдаушы. Иммунобиологиялық интерференция теориясы. Потенциялау принциптері және сұйылту шкалалары (ондық және жүздік потенциалдар). Динамизация принципінің мәні.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Жұмсақ гомеопатиялық дәрілік түрлер технологиясы.	Гомеопатиялық жағар майларды, оподельдоктарды және сыртқа қолданылатын спирттерді дайындау үшін қолданылатын негіздер. Гомеопатиялық жағар майлар, суппозиторийлер технологиясының ерекшеліктері және ережелері Жұмсақ гомеопатиялық дәрілік түрлер номенклатурасы.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Ағзаны гомеопатиялық әдіспен тазалау немесе аутонозодалар. Гомеопатияда қолданылатын нозодолар.	Ағзаны гомеопатиялық әдіспен тазалау. Ағзаны тазалау әдістері. Гомеопатияда қолданылатын нозодолардың сипаттамасы.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/4	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
5	**Дәріс.** Тақырыбы: Косметикалық құралдар. Емдік-	Косметикалық құралдар. Жіктелуі. Гигиеналық косметикалық құралдар. Емдік-косметикалық	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама

	косметикалық препараттар. Технологиясының ерекшеліктері.	құралдар. Емдік маскалар және олардың қолданылуы. Сулы сығындылар және оларды емдік - косметологияда қолдану.				
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Емдік-профилактикалық құралдар технологиясы. Гигиеналық құралдар.	Косметикалық құралдар. Жіктелуі. Гигиеналық косметикалық құралдар. Емдік-косметикалық құралдар. Сулы сығындылар және оларды емдік косметологияда қолдану. Маскалар және оларды қолдану. Лосьондар, дайындалуы және олардың сақталуы. Табиғи косметикалық заттарды пайдаланып кремдер жасау. Сусабын дайындау.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Косметикалық құралдар құрамындағы қауіпті ингредиенттер.	Косметикалық құралдар құрамындағы қауіпті ингредиенттер. Косметикалық заттарды қолдану барысында туындайтын жанама әсерлер.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
6	**Зертханалық сабақ.** Тақырыбы: Парфюмерлік композицияларды ң технологиясы және олардың сапасын бақылау.	Парфюмерлік композициялар құрамы. Парфюмерлік композициялардың негізгі түрлері және оларды жасау. Цитрустық, дәмді, шығыс, жемісті, гүлді, шөпті, шипр, фужер, ағаш, былғары хош иістері. Парфюмерлік композициялар технологиясы. Парфюмерлік композициялар және сұйықтықтардың сапасын бақылау.	2 ОН 3 ОН	2	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Парфюмерлік-косметикалық өндірістің заманауи жағдайлары мен	Парфюмерлік-косметикалық құралдарды қолдану қажеттілігі. Парфюмерлік-косметикалық құралдарды эксперттік	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио

	даму тенденциялары.	зерттеулер жүргізетін алдыңғы қатардағы ұйымдар.				
7	**Дәріс.** Тақырыбы: Жасына байланысты дәрілік түрлер. Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясының ерекшеліктері.	Жасына байланысты дәрілік түрлер. Адамның жасы және физиологиялық ерекшеліктері. Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясындағы қосымша заттар. Жасы және дәрісі. Қабылдау ерекшеліктері.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясы. Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясының ерекшеліктері.	Балаларға арналған және гериатриялық дәрілік түрлер. Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясының ерекшеліктері. Қосымша заттар. Сипаттамасы. Жіктелуі. Қосымша заттарға қойылатын талаптар. Жасына байланысты дәрілік түрлер технологиясында қолданылатын қосымша заттар. Корригенттер. Қорригенттер номенклатурасы және жіктелуі. Корригенттерге қойылатын талаптар.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: **Аралық бақылау №1.**	**Бақылауға дәрістердің, тәжірибелік сабақтардың және БӨЖ 1-7 аптадағы тақырыптарының мазмұны енеді.**	**3 ОН 5 ОН**	**1/4**	**Жеке жұмыс жасау**	**Тестілеу, ауызша сұрау**
8	**Дәріс.** Тақырыбы: Биологиялық белсенді қоспалар және олардың технологиясының ерекшеліктері. ББҚ негізгі топтары.	Адамның денсаулығын сақтауда тағамның негізгі компоненттерінің рөлі. Тағамданудағы минералды заттар. Адам ағзасындағы дәрумендердің маңызы. Дәрілік және тағамдық өсімдіктердегі биологиялық белсенді қоспалар.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ.	Экстракциялау тәсілдері. Мацерация.	2 ОН 3 ОН	2	Кіші топтарда	Тестілеу, ауызша

	Өсімдік текті шикізаттардан алынатын ББҚ өндірісінің технологиялық негіздері.	Бисмацерация. Перколяция. Реперколяция. CO_2-экстракция. Ортадан тепкіш күш арқылы экстракциялау.			жұмыс істеу	сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: ББҚ жіктелуі, химиялық құрамы, оларды қолданудың принциптері және қауіп-қатерлер.	ББҚ-дың белгіленуі, тиімділігі, қауіпсіздігі бойынша және жалпы жіктелуі. ББҚ байытылған азық-түлік өнімдерінің ассортименті.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
9	**Зертханалық сабақ.** Тақырыбы: ББҚ профилактикалық және емдік сусындары. Сөлдер. Шәйлар. Бальзамдар.	Шырындар. Шәйлар. Бальзамдар. Шырындар, шәйлар, бальзамдар, профилактикалық және емдік сусындар өндірісінің технологиялық схемасы.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: ББҚ – дұрыс тамақтанудың негізі ретінде. ББҚ өндеудің және қолданудің заманауи аспектілері.	ББҚ қолдану қажеттілігі. ББҚ тамақтану мен денсаулықты түзетудегі құны. ББҚ негізгі компоненттерінің сипаттамасы.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
10	**Дәріс.** Тақырыбы: Ветеринарлық дәрілік түрлер. Ветеринарлық дәрілік түрлер технологиясының ерекшеліктері.	Ветеринария. Ветеринарияның міндеттері. Ветеринарияда қолданылатын дәрілік түрлердің ерекшеліктері. Ветеринарияда корригенттердің қолданылуы. Спецификалық ветеринариялық құралдарды дайындау технологиясы. Ветеринариядағы стерильді дәрілік түрлер. Ветеринарлық дәрілік құралдар өндірісін мемлекеттік нормалау.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ.	Ветеринария іс-тәжірибесінде жиі	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда	Тестілеу, ауызша

	Тақырыбы: Ветеринарлық дәрілік түрлерді дайындау.	қолданылатын дәрілік түрлер. Ветеринарлық дәрілік түрлерге қойылатын талаптар. Ветеринарлық дәрілік түрлерді енгізу жолдары.			жұмыс істеу	сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Ветеринарияда рационалды дәрілік түрлерді таңдау және оларды енгізу жолдары.	Ветеринариялық тәжірибеде кеңінен қолданылатын дәрілік түрлер. Ветеринарлық дәрілік түрлерді енгізу тәсілдері.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/4	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
11	**Дәріс.** Тақырыбы: Босап шығудың модификацияланған профилі бар дәрілік түрлер	Босап шығуы модификацияланған және дәрілік құралдарды жеткізу жүйелері бар заманауи дәрілік түрлердің жалпы сипаттамасы. Дәрілік құралдарды жеткізуді модификациялау принциптері және жеткізу жүйелерінің жалпы сипаттамасы. Дәрілік заттарды жеткізуге арналған тасымалдаушы жүйелердің сипаттамасы. Липосомалар дәрі-дәрмектерді жеткізу жүйесі ретінде. Босап шығуы модификацияланған пероральді дәрілік түрлердің сипаттамасы.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Босату механизмі өзгерген дәрілік түрлерді дайындау.	Босап шығу жылдамдығы бақыланатын дәрілік түрлер. Дәрілік заттарды жеткізудің парентеральды имплантацияланатын жүйелерінің сипаттамасы. Ингаляциялық дәрілік түрлер және дәрілік заттарды тыныс алу жолдарына жеткізетін жүйелер. Дәрілік заттарды трансдермальді жеткізу жүйелері. Дәрілік заттарды жеткізудің жаңа дәрілік түрлері мен	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау

		жүйелерін зерттеу принциптері.				
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Босап шығуы модификацияланған дәрілік түрлерді жасау ерекшеліктері.	Дәрілік заттарды жеткізуді модификациялау принциптері және жеткізу жүйелерінің жалпы сипаттамасы. Дәрілік заттарды жеткізу үшін тасымалдағыш жүйелердің сипаттамасы.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Журнал мақалаларын талдау (RBL элементтерімен)
12	**Зертханалық сабақ.** Тақырыбы: Жылдам еритін және жылдам ыдырайтын пероральді дәрілік түрлер	Жылдам еритін және жылдам ыдырайтын пероральді дәрілік түрлер. Артықшылықтары. Сублингвальді және буккальді дәрілік түрлер.	2 ОН 3 ОН	2	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: Пероральді терапевтік жүйелер.	Босап шығуы модификацияланған пероральді препараттар. Дәрілік заттың босап шығу механизмі. Босап шығу процессін басқару. Босап шығуы модификацияланған терапевтік жүйелер.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
13	**Дәріс.** Тақырыбы: GMP – тиісті өндірістік тәжірибе және Қазақстан Республикасында GMP ендіру.	GMP туралы жалпы түсінік. Стандарттың негізгі бөлімдері мен қосымшалары. GMP стандарты және оның ҚР ендіру. Фармациядағы тиісті тәжірибе концепциясы. Таза бөлмелер туралы түсінік. Таза бөлмелерді қамтамасыз етудің негізгі принцптері. Таза бөлмелердің базалық элементтері.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Фармацевтикалық өндірісте GMP енгізу.	Тиісті өндірістік тәжірибе стандартының (GMP) негізгі принциптері. Дәрілік құралдардың сапасын бағалау және өндірісті ұйымдастырудың негізгі ережелері.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ.	GMP талаптары мен	4 ОН	1/4	Әдебиетпен	Портфолио

	Тақырыбы: GMP талаптары және негізгі ережелері.	ережелері. ҚР фармацевтикалық өндірісіне GMP енгізу.	5 ОН 6 ОН 7 ОН		және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	
14	**Зертханалық сабақ.** Тақырыбы: Фармацевтикалық өндірістегі процестердің валидациясын жүргізу.	Технологиялық процестің валидациясы. Валидация түрлері. Валидация қажеттілігі. Валидация кезеңдері. Тіркеу дерекнамасында процесті валидациялау схемасы.	2 ОН 3 ОН	3	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: GMP және дәрілік заттарды өндіруді лицензиялау жүйесі.	GMP дәрілік заттарды жасау, өндіру, сақтау жөніндегі құжаттар жүйесі. Сапаны қамтамасыз ету жүйесі.	4 ОН 5 ОН 6 ОН 7 ОН	1/5	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау	Портфолио
15	**Дәріс.** Тақырыбы: GPP – тиісті дәріханалық тәжірибе және Қазақстан Республикасында GPP ендіру.	GPP негізгі мақсаттары. Стандарттың негізгі терминдері және қосымшалары. GPP стандарты және оны ҚР ендіру.	1 ОН	1	Тақырыптық	Тақырып бойынша блиц-сауалнама
	Зертханалық сабақ. Тақырыбы: Қазақстан Республикасында GPP халықаралық стандарттарын енгізу.	Тиісті дәріхана практикасының негізгі принциптері (GPP). Дәрілік заттарды қабылдауды, сақтауды және өткізуді ұйымдастыру қағидаларының негізгі ережелері. GPP ережелері мен талаптары. ҚР GPP енгізу.	2 ОН 3 ОН	2	Кіші топтарда жұмыс істеу	Тестілеу, ауызша сұрау, зертханалық жұмыстың орындалуын бақылау
	ОБӨЖ/БӨЖ. Тақырыбы: **Аралық бақылау№2.**	**Бақылауға дәрістердің, тәжірибелік сабақтардың және БӨЖ 8-15 аптадағы тақырыптарының мазмұны енеді.**	**3 ОН 5 ОН**	**1/5**	**Жеке жұмыс жасау**	**Тестілеу, ауызша сұрау**
	Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу			**15**		
9.	**Оқыту және бағалау әдістері**					
9.1	Дәріс	Презентация түрінде тақырыптық дәрістер.				
9.2	Зертханалық сабақ	Зертханалық сабақтар: жеке жұмыс істеу, кіші топтарда жұмыс істеу.				
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс жасау, оқыту және ситуациялық тапсырмаларды орындау, реферат,				

		презентация, портфолио, эссе дайындау, тест тапсырмаларын құрастыру, журнал мақалаларын талдау және т. б.
9.4	Аралық бақылау	Жеке жұмыс жасау. Тестілеу, ауызша сұрау.

10. Бағалау критерийлері

10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағат-танарлықсыз	Қанағат-танарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1.	Тиімді және қауіпсіз дәрілік препараттарды өндіру, сапасын бақылау, сақтау және босату саласындағы фармацевтика ғылымының жаңа жетістіктерін ескере отырып, жаңа дәрілік құралдарды жасау және жетілдіру білімін көрсетеді.	1. Инновациялық дәрілік құралдарды әзірлеу мен қолданудағы заманауи жетістіктерді білмейді.. 2. Жаңа дәрілік құралдарды жасаудың және жетілдірудің негізгі кезеңдерін білмейді.. 3. Дәрілік заттардың айналымы саласындағы тиісті фармацевтикалық тәжірибелердің құрылымы мен мазмұнын білмейді.	1. Инновациялық дәрілік құралдарды әзірлеу мен қолданудағы заманауи жетістіктерді толық тұжырымдамайды. 2. Жаңа дәрілік құралдарды жасаудың және жетілдірудің негізгі кезеңдерін толық білмейді. 3. Дәрілік заттардың айналымы саласындағы тиісті фармацевтикалық тәжірибелердің құрылымы мен мазмұнын толық білмейді.	1. Инновациялық дәрілік құралдарды әзірлеу мен қолданудағы заманауи жетістіктер туралы білімдерін толық көрсетеді 2. Жаңа дәрілік құралдарды жасаудың және жетілдірудің негізгі кезеңдерін сипаттайды. 3. Дәрілік заттардың айналымы саласындағы тиісті фармацевтикалық тәжірибелердің құрылымы мен мазмұнын жақсы біледі.	1. Инновациялық дәрілік құралдарды әзірлеу мен қолданудағы заманауи жетістіктер туралы айрықша білімдерін көрсетеді 2. Жаңа дәрілік құралдарды жасаудың және жетілдірудің негізгі кезеңдерін еркін түсіндіреді және нақты жүйелейді 3. Дәрілік заттардың айналымы саласындағы тиісті фармацевтикалық тәжірибелердің құрылымы мен мазмұнын өз бетінше қолданады.
ОН2.	Дәрілік құралдардың жекелеген тобы – гомеопатиялық, балаларға арналған, гериатриялық, ветеринарлық және босап шығу профилі модификацияланған дәрілік түрлерді дайындау бойынша өндірістік процесті ұйымдастырады.	1. Жұмыс орнын өрескел қателіктермен дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін қате есептеді. 3. Дәрілік препаратты дайындаудың дұрыс емес технологиясын таңдады және оның теориялық	1. Өз жұмыс орнын қателіктермен дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін нашар есептеді. 3. Дәрілік препаратты дұрыс дайындады, бірақ технологиясы ұтымды емес және теориялық	1. Өз жұмыс орнын болар-болмас қатемен дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін есептей алады. 3. Дәрілік препаратты дұрыс дайындады, бірақ фармацевтикалық тәртіпті сақтаудағы	1. Жұмыс орнын өз бетінше, қатесіз дайындады. 2. Ингредиенттердің мөлшерін өз бетінше, қатесіз есептеді. 3. Дәрілік препаратты өз бетінше, қатесіз дайындады. 4. Дәрілік препаратты өз бетінше, қатесіз

		негіздемесін келтірмеді. 4. Дәрілік препаратты орамдауды және безендіруді дұрыс емес орындады.	негіздемесіз. 4. Дәрілік препаратты орамдауды және безендіруді қате орындады.	тұрақсыз қателіктер жіберді. 4. Дәрілік препаратты орамдау және безендіруде жеңіл-желпі қателіктер жіберді.	орамдады және безендірді.
ОН3.	Жазбаша жұмыстарды (реферат, эссе, тест тапсырмалары және т.б.) орындау кезінде, сабақтар мен емтихандарда, зерттеулерде, өз позициясын білдіруде, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынаста білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен принциптердің жиынтығын біледі және түсінеді.	Жазбаша жұмыстарды орындау кезінде, сабақтар мен емтихандарда, зерттеулерде білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен принциптердің жиынтығын білмейді және түсінбейді.	Жазбаша жұмыстарды орындау кезінде, сабақтар мен емтихандарда, зерттеулерде білім алушының адалдығын білдіретін кейбір құндылықтар мен принциптерді біледі және түсінеді.	Жазбаша жұмыстарды орындау кезінде, сабақтар мен емтихандарда, зерттеулерде білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен принциптердің жиынтығын біледі және түсінеді.	Жазбаша жұмыстарды орындау кезінде, сабақтар мен емтихандарда, зерттеулерде білім алушының адалдығын білдіретін құндылықтар мен принциптердің толық жиынтығын біледі және нақты түсінеді.
ОН4.	Кәсіби қызмет саласында анықтамалық және ғылыми фармацевтикалық әдебиеттермен, электрондық деректер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс істеу қабілетін көрсетеді.	Кәсіби қызмет саласында анықтамалық және ғылыми фармацевтикалық әдебиеттермен, электрондық деректер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламалары мен жұмыс істей алмайды.	Кәсіби қызмет саласында анықтамалық және ғылыми фармацевтикалық әдебиеттермен, электрондық деректер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламалары мен нашар жұмыс істейді.	Кәсіби қызмет саласында анықтамалық және ғылыми фармацевтикалық әдебиеттермен, электрондық деректер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламалары мен жақсы жұмыс істейді.	Кәсіби қызмет саласында анықтамалық және ғылыми фармацевтикалық әдебиеттермен, электрондық деректер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмысты өз бетінше сипаттайды және нақты жүйелейді.
ОН5.	Қысқа, құрылымдалған мәтін арқылы өз ойын негіздейді, стилистикалық сауатты сөйлем	Өз ойларын негіздей және сипаттай алмайды, әдеби дереккөздерді дұрыс	Өз ойларын жеткілікті түрде нақты сипаттамады, сөйлемнің стилистикалық	Өз ойларын сипаттады, сөйлемдерді стилистикалық тұрғыдан сауатты құрастырды, әдеби	Өз ойларын нақты негіздеді, сөйлемдерді стилистикалық тұрғыдан сауатты құрастырды, әдеби

	құрастырады, әдеби дереккөздерді дұрыс көрсетеді.	көрсетпейді.	құрылысында және әдеби дереккөздерді безендіруде қателіктер жіберді.	дереккөздерді безендіру кезінде шамалы қателіктер жібереді.	дереккөздердің тізімін дұрыс көрсетті.
ОН6.	Білім алушыларға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға дәрілік құралдар өндірісінде инновациялық технологияларды жасау және ендіру бойынша білімін жеткізуге қабілетті.	Білім алушыларға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға фармацевтикалық өндіріс саласында инновациялық технологияларды жасау және енгізу бойынша білімін жеткізе алмайды.	Білім алушыларға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға фармацевтикалық өндіріс саласында инновациялық технологияларды жасау және енгізу бойынша білімін жарым-жартылай жеткізеді.	Білім алушыларға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға фармацевтикалық өндіріс саласында инновациялық технологияларды жасау және енгізу бойынша білімін жеткізеді.	Білім алушыларға және басқа да қызығушылық танытқан тұлғаларға фармацевтикалық өндіріс саласында инновациялық технологияларды жасау және енгізу бойынша білімін нақты жеткізеді.
ОН7.	Ақпаратты іздеуде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады, фармацевтика ғылымдары саласында алынған деректерді жүйелейді және оларды практикалық қызметке бейімдейді.	Халықаралық деректер базасында; нормативтік құжаттамада, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінде; дәлелді медицина базасында ақпарат іздеуді білмейді.	Халықаралық деректер базасында; нормативтік құжаттамада, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінде; дәлелді медицина базасында ақпарат іздеуді оқытушы көмегімен жүргізеді.	Халықаралық деректер базасында; нормативтік құжаттамада, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінде; дәлелді медицина базасында ақпарат іздеуді біледі.	Халықаралық деректер базасында; нормативтік құжаттамада, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінде; дәлелді медицина базасында ақпаратты өз бетінше іздейді.

10.2 Бағалау әдістері және критерийлері

Зертханалық сабаққа арналған тексеру парағы

№	Бақылау формасы	Бағасы	Бағалау критерийлері
1.	Ауызша сұрау	Өте жақсы бағасы A (4,0; 95-100%) A- (3,67; 90-94%) сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде қандай да бір қателіктер, дәлсіздіктер жіберген жоқ. Оқытылатын пән бойынша теорияны, концепцияны, бағыттарды жақсы біледі және оларға сын баға береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
		Жақсы бағасы B+ (3,33; 85-89%) B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%) сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде өрескел қателіктер жіберген жоқ, білім алушының өзімен түзетілген түбегейлі емес дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйеге келтірді.
		Қанағаттанарлық бағасы C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%)	Білім алушы жауап беру кезінде түбегейлі емес дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелді, материалды жүйеге келтіруде үлкен қиындыққа тап болды.

		D+ (1,33; 55-59%) D (1,0; 50-54%) сәйкес	
